

Рефлексия. Блоб ағашы. Тест: "Ағаштағы орныңыз қайсы?" Бұл тестінің авторы - әйгілі британдық психолог Пип Уилсон. Ол оқушылардың жаңадан ауысып келген мектебіне қаншалықты үйренгенін анықтау үшін жасалған. Артынша жасы үлкендерге де жарайтыны анықталған. Тест адамның болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі. Ағаштағы адамдардың көңіл-күйі әртүрлі және әрқайсысының өзіне ғана тән орны бар. Ең алдымен, өзіңізге қайсысы көбірек ұқсайтынын анықтаңыз. Артынша ұқсағыңыз келетін адамды тандаңыз.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 446 б.
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 жыл. 6-9 б.
3. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы 2020 ж
4. «Мұғалім зерттеуші» Назарбаев зияткерлік мектептері желісі журналы
5. «Жаңаша оқыту – заман талабы» Ғ.Сұлтанова, З.Сатқаева, Алматы, 2011 ж. - 7-17б.
6. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» С.Мирсеитова, Қарағанды, 2011 ж. – 45-б.)
7. «Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер» «Қазақстан мектебі» журналы №3, 2012 ж. - 18-б.)

**Естаева К.Р., Мухаметжанова А.О.**  
**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

### **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМУЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛЫҚ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

Аннотация. Эмоционалды интеллект білім сапасын арттырудың маңызды және тиімді құралы болғандықтан, мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды құзыреттілігінің маңыздылығы жас мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығының факторы ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: эмоционалды интеллект, бастауыш мектеп, тұлға, дағды, құндылықтар жүйесі.

Мұғалімнің кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығы туралы мәселе ғылым мен практикада жүйелі түрде туындап отырады. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындауға қаншалықты дайын екенін түсіну үшін педагогикалық процесті ұйымдастыруға қажетті білім, білік, дағдылар, қабілеттер, құзыреттер мен жеке қасиеттердің жиынтығын ескеру қажет.

Бастауыш сынып мұғалімі – білім беру жүйесінің құрылым ерекшелігіне қарай кіші жастағы білім алушының тұлғасына үлкен ықпал ететін педагог. Бастауыш мектеп білімнің алғашқы сатысы ретінде білім алушыға оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдерін игеруге көмектесуге бағдарланған, ал бастауыш сынып мұғалімі жаңа әлеуметтік жағдайларда жеке тұлғаның бейімделуіне ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына негіз болатын практикалық дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға да жәрдемдесуі керек. Бастауыш мектепте білім беру барлық дерлік елдерде міндетті болып табылады, балалар уақыттың басым бөлігін мұғалімдердің қамқорлығында болады, сондықтан олардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптар артады.

Кәсіптік білім беру – үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Кәсіптік білім беру ұйымдарында елдің болашағын айқындайтын әлеуметтік-экономикалық реформалар үшін кадрлық әлеует қалыптастырылады. «Эмоционалды интеллект» термині алғашқы рет Майкл Белдоқтың (Beldoch, 1964) мақаласында көрініс тапты, алайда сол сәтте эмоционалды интеллект теориялық түрде тұжырымдалмаған болатын. 1983 жылы Ховард Гарднердің «Сана шектеулері: көптеген интеллект теориясы» IQ секілді интеллектіні өлшеудің дәстүрлі тәсілдері адамның когнитивті қабілеттерін толық түсіндіре алмайтындығы туралы идеяны ұсынып, интеллектінің бірнеше түрі бар екендігіне

негіз құрды (Gardner,1983). Х. Гарднердің бірнеше интеллекті теориясын негізге алып, Дж. Мэйер мен П. Сэловей эмоционалды интеллект тұжырымдамасын интеллекттің бөлігі ретінде қарастыруға болатын танымдық қабілет ретінде қалыптастырды. 1990 жылдан бастап Дж. Мэйер мен П. Сэловей эмоционалды интеллект моделін қабілеттер ретінде әзірлеп, тұжырымдай бастады (Salovey, Mayer,1990; Mayer, Salovey,1997). Бұл үлгіде эмоционалды интеллект төрт дискретті қабілеттердің немесе тармақтардың жиынтығы ретінде анықталады:

- 1) өзінің және басқалардың эмоцияларын анықтау және оларды білдіру қабілеті;
- 2) проблемаларды шешуде эмоцияларды пайдалану қабілеті;
- 3) эмоцияларды түсіну және талдау қабілеті;
- 4) өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын басқару қабілеті.

Соңғы онжылдықтарда эмоционалды интеллект практиктердің де, теоретиктердің де бизнес саласында қызығушылығын арттырды. Бұл қызығушылық эмоционалды интеллектінің жұмыстағы жоғары өнімділікпен байланысын көрсететін зерттеу нәтижелеріне байланысты (O'Boyle, Humphrey, Pollack, Hawver, Story, 2011), жалақының жоғары деңгейі (Rode, Arthaud-Day, Ramaswami, Howes, 2017), жұмысқа қанағаттанудың жоғары деңгейі (Miao, Humphrey, Qian, 2016), стрессті жеңудің тиімді стратегиялары (Extremera, Rey, 2015), көшбасшылар мен басшылардың жоғары тиімділігі (Walter, Cole, Humphrey, 2011). Сонымен қатар, эмоционалды интеллект физикалық, психикалық және психосоматикалық денсаулықпен байланысты (Martins, Ramalho, Morin, 2010).

Эмоционалды интеллекттің заманауи интерпретациясы келесі ережелерге сәйкес келеді:

– П. Сэловей, Дж. Мейер эмоционалды интеллектті «эмоцияларда көрінетін жеке тұлғаның көріністерін қабылдау және түсіну, интеллектуалды процестерге негізделген эмоцияларды басқару қабілеті» ретінде қарастырады [1; 774];

– Д. Карузо оны «ақыл мен сезімнің ерекше қиылысуы» деп түсіндіреді [2; 201];

– Р. Бар-Он эмоционалды интеллектті «адамға әртүрлі өмірлік жағдайларды сәтті шешуге мүмкіндік беретін барлық танымдық емес қабілеттер, білім мен құзыреттілік" деп сипаттайды» [3; 193].

– Д. Гоулман өзін және басқаларды ынталандыру және өзімен және басқалармен қарым-қатынас жасау кезінде эмоцияларды жақсы басқару үшін өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын білу қабілеті» деп түсіндіреді [4; 302].

Осы мақаланың аясында біз эмоционалды интеллекттің бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметіндегі сәттілік факторы ретіндегі рөлін, сондай-ақ мұғалімдердің эмоционалды интеллектісін дамытуда мектепшілік оқыту мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Соңғы екі онжылдықтағы ғылыми зерттеулер көрсеткендей, қазіргі қоғамдағы ересек адамның жетістігі белгілі бір саладағы академиялық біліммен және жалпы интеллект деңгейімен (IQ) анықталмайды, бірақ оның эмоционалды жағдайы мен басқа адамдардың эмоционалды күйін басқару, оларды күрделі тапсырмаларды орындауға ынталандыру, тұрақты жүйелік өзгерістер жағдайында жоғары күйзеліске төзімділік, қарым-қатынаста жоғары бейімделу мен тиімділікті көрсетумен анықталады [5; 544]. Осыларға байланысты эмоционалды интеллектіні өлшеудің негізгі әдістемелері келесідей бөліп көрсетуге болады (1-кесте) [6]:

1-кесте

Әдістеме атауы, авторлар	Өлшенетін сипаттамалар
EQ-і, EQ-I 2.0, Р. Бар-Он	Тұлғаишілікжәнетұлғааралықайнымалылар, стресстіреттеу, бейімделу, жалпыкөңіл-күй
MEIS, Дж.Майер, П.С.Сэловей, Д. Карузо	Эмоциянықабылдау, эмоционалдыжәрдемдесу, эмоционалдытүсіну, эмоционалдыбасқару
ESI, Р. Бояцис, Д. Гоулман	Өзін-өзі тану, әлеуметтік сана, өзін-өзі басқару, әлеуметтік дағдылар
EQ-Map, Р. Купер	Өзекті орта, эмоционалды сауаттылық, эмоционалды құзыреттілік, эмоционалды құндылықтар
EQ, Н. Холл	Эмоционалды хабардарлық, эмоцияларыңызды басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия, басқа адамдардың эмоцияларын тану
MSCEIT, MSCEIT V2.0, Дж.Майер, П.Саловей	Эмоцияларды түсіну, ойлау процесінде эмоцияларды пайдалану, эмоцияларды қабылдау, эмоцияларды басқару қабілеті
TEIQ, К. Петридес, Э. Фернхем	Әл-ауқат, өзін-өзі бақылау, эмоционалдылық, көпшілдік

SREIT, Н. Шутте	Эмоцияларды бағалау және білдіру, эмоцияларды реттеу, проблемаларды шешуде эмоцияларды пайдалану
ЭМин, Д. В. Люсин	Өз эмоцияларыңызды түсіну және басқару, басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару, экспрессияны бақылау
ЭмиQ-2, Е.А. Орел, В.В. Одинцова	Өзіндік талдау және өзін-өзі қорғау, өзін-өзі бақылау, эмоцияны білдіру, әлеуметтік сезімталдық, сезімталдықты өзіндік бағалау
ОИЭ, К. Барчард, Г.Г. Князев, Л.Г. Митрофанова,	Оң және теріс экспрессивтілік, эмоцияларға назар аудару, эмоцияларға негізделген шешімдер қабылдау, қуаныш пен бақытсыздыққа ортақтасу, эмпатия

Эмоционалды интеллект маңызды рөл атқаратын табысты педагог бейнесіне келер болсақ, келесі маңызды тұстарды атап өтпесе болмайды:

1) денсаулық, махаббат, бақытты отбасылық өмір, өзіне деген сенімділік, қызықты жұмыс жетекші болып табылатын адамның құндылықтар жүйесі;

2) өз қабілеттеріне деген сенімділік;

3) сәттілік санаттарымен ойлау қабілеті;

4) алғашқы сәтсіздіктер орын алған жағдайда қойылған мақсаттардан бас тартпау мүмкіндігі;

5) позитивті ойлау;

6) коммуникативті қабілеттер және мінез-құлық мәдениеті (қарым-қатынас, икемділік, ұжымда жағымды қарым-қатынас құру қабілеті, дұрыс сөйлеу);

7) эмоционалды-ерікті қасиеттер (берілгендік, еңбекқорлық, педагогикалық оптимизм, байсалдылық, өзіне деген сенімділік, ұйымшылдық).

Осыған қоса, эмоционалды интеллектіні педагогикалық міндеттерді шешу үшін құрал ретінде пайдалану қажеттілігін көрсететін бірқатар мысалдарды айқындауға болады. [7; 100].

Мысалы, бастауыш сынып білім алушыларының дамуы қажеттілігін бұғаттайтын көптеген үрейлердің себебі болуы мүмкін педагогтың бала бойында орын алған мәселелерді елемей, «эмоционалды соқырлық» оқушылардың бойынша көптеген фобиялардың туындауына әкеп соғуы мүмкін. Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларының болмауы, кәсіби тәжірибенің ұтымды және эмоционалды компоненттерін біріктірудегі қиындықтар білім беру қызметтеріне тапсырыс берушінің көзқарасы бойынша мұғалімнің тиімділігін төмендетіп қана қоймайды, сонымен қатар мұғалімнің өзін психологиялық және кәсіби дәрменсіздік жағдайына әкеледі, бұл кәсіби «жанып кетуді» туғызады. [8].

Баламен мұндай өзара әрекеттесудің ерекшелігі маманнан арнайы қабілеттер мен құзыреттерді талап етеді:

1. Психологиялық мазмұнға және балалардың эмоциялары мен тәжірибелерін көрсету тәсілдеріне ерекше сезімталдық. Бұл қабілет интонацияда, қалыпта, мимикада, кездейсоқ қозғалыстарда, сондай-ақ байланыстың жоғалуын көрсететін сигналдарда көрінетін баланың жағдайындағы шамалы өзгерістерді алуға мүмкіндік береді.

2. Баланың санасының ішкі жұмысына араласпай, мәжбүрлі күту және созылған кідіріс жағдайында өзін жайлы сезіну қабілеттері. Бұл ырғақ ересек адамға баяу, тұтқыр болып көрінуі мүмкін. Шыдамсыздық немесе ішкі тітіркену салдарынан бала үшін қандай да бір әрекеттерді орындау міндетін өз мойнына алу үлкен қателік болар еді.

3. Эмоционалды тұрақсыздық пен ситуациялық бас тарту жағдайында эмоционалды тұрақты болу қабілеті. Бұл мұғалімнің интенсивті эмоционалды күйдегі (қорқыныш, ашу, реніш, ұят, кінә) баламен қарым-қатынаста болу қабілеті туралы, ол өзіне қысым мен сөгіс берілетін қоғамның жекелендірілген бөлігі болудан қорықпайды.

4. Өзін-өзі көрсету қабілеті. Сенімді қарым-қатынас орнату мұғалімнің дәрменсіздік, кінә, реніш, ұят және агрессия сезімдерімен күресуді қажет ететін жағдайлар туралы өз тәжірибелерімен бөлісу қабілетін білдіреді. Бұл жерде сөз күрделі экзистенциалды маңызды тақырыптарды талқылауға дайын болу туралы: балаға түсінікті тілде өлім, өмірдің мәні, еркіндік, жауапкершілік, жалғыздық, махаббат, достық туралы болып отыр. Белгісіздік жағдайында өзара әрекеттесуді жалғастыруға дайын болу жеке тұлғаның сезімталдығына жұмылдыру қабілетінің болуын болжайды. [9; 420].

Корытындылай келе, білім алушының тұлғасын дамыту білім берудің негізгі мақсаты мен негізгі нәтижесін білдіретін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметке даярлық факторы ретінде қарастырылуы керек деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. Mayer J.D. Perceiving affective content in ambiguous visual stimuli: a component of emotional intelligence / Journal of Personality Assessment. – 1990. – Vol. 54, № 3, 4. – P. 772–781.
2. Mayer J.D. Emotion intelligence: theory, findings, and implication / J.D. Mayer, P. Salovey, D.R. Caruso // Psychol. Inq. 2004. – Vol. 15, № 3. – P. 197-215.
3. Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory (EQ-I): Technical Manual. – Toronto, Canada: Multi-Health Systems, 1997.
4. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э. Макки; пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. – стр. 301.
5. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ / Д. Гоулман. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2017. – стр. 544.
6. Шингаев С.М. Возможности внутрифирменного обучения в развитии эмоционального интеллекта педагогов// <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-vnutrifirmennogo-obucheniya-v-razviti-emosionalnogo-intellekta-pedagogov>
7. Шингаев С. М. Эмоциональный интеллект: содержание понятия, проблемы, пути решения / С. М. Шингаев, И. К. Симагина, И. В. Нырова // Перспективы психолого-педагогической работы в современном образовательном учреждении: сборник материалов III Международной научно-практической конференции и образовательного семинара (К 100-летию Санкт-Петербургского государственного института культуры). – СПб.: НИЦ АРТ, 2018. – стр. 98-102.
8. Lavy S., Eshet R. Spiral effects of teachers' emotions and emotion regulation strategies: Evidence from a daily diary study // Teaching and Teacher Education: An International Journal of Research and Studies. 2019. Vol. 73. № 1. P. 151-161.
9. Джеймс Бьюдженталь. Наука быть живым. Диалоги между терапевтом и пациентами в гуманистической терапии. – М., Класс, 2005 ж., Стр. 420.

**Жабағина Ж.Т.**

**«№66 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.**

**Темиржанова Р.К.**

**«Ақтерек ауылының Ахмет Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебі» КММ**

## **ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ**

Аннотация. Мақалада модульдік оқыту технологияларын тиімді пайдалану мәселесі қарастырылды. Модульдік оқыту кезеңдеріне түсінік беріле отырып, «модуль» ұғымының мәні ашылды, оның тиімділігі анықталды. Әдебиеттік оқу пәнінде модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану жолдары ашылды.

Кілт сөздер: технология, модуль, модульдік технология, оқу модулі.

Әлемдік педагогиканың даму процесіндегі «технология» түсінігінің қалыптасу тарихы өз алдына үлкен дүние. Оқытуға технологияны енгізудің қажеттілігі. Білім беру саласында дидактиканың білім және оқытуда алатын орны – «Неге үйрету керек?» және «Қалай үйрету керек?» деген сұрақтарға жан- жақты жауап беретін ғылым ретінде қарастырылуында.

Бүгінгі білім тәжірибесі – дидактиканың алдына жаңа, ғылыми тұрғыда шешімін табуға тиіс мәселелер қойып отыр. Мұндай мәселелердің бірі болып мынадай мәселелер көтерілген: «Білім беру саласында қажетті көрсеткіштерге қалай жетуге болады?». Бұл сұраққа дидактика оқыту технологиясымен (педагогикалық технология) бірлесіп және оның көмегімен жауап береді.

Мектептің педагогикалық ұжымдары оқытуға деген технологиялық тәсілді меңгеру жолын таңдады. Тәжірибеге профессор П.И. Третьяков құрастырған оқу-тәрбиелік үдерісті ұйымдастырудың модульдік жүйесі нәтижелі енгізіліп келеді.